

*Жаңа түскен басылымдардың  
виртуалды көрмесі*

*№ 6, 2016*

*Виртуальная выставка  
новых поступлений  
научных изданий*




**Әлинов М.Ш. Энергия үнемдеудің және энергия тиімділігінің негіздері: оқу құралы. – Алматы: Бастау, 2015. – 288 б.**

Оқу құралында энергетиканың және энергетикалық қауіпсіздік рөлінің артуына сәйкес, энергияның дәстүрлі және балама түрлерінің мәселелері қарастырылады. «Дәстүрлі көмірсутегі көздерімен қатар, жел, күн, биомасса (биологиялық жиын), атом және су қорлары негізіндегі энергетиканың да техникалық, экологиялық және экономикалық тиімділігіне баға беріледі. Энергия үнемдеу тұрғысынан электр энергиясы мен жылу өндіру және тұтыну саласының жай-күйі талданады. Қазақстанның отын-энергетикалық кешенінің жай-күйі мен болашағы, сонымен қатар шетелдік заманауи көрсеткіштермен салыстырғанда, шаруашылық жүйесінің энергия артықшылығының себептері қаралады. Өндірісте, үй шаруашылықтарында, экономика секторлары мен өңірлерде энергия тиімділігі және энергия үнемдеуді жоғарылатудың негізгі бағыттары көрсетілген. Энергия менеджменті аясында энергетикалық аудит, нормалау, тарифтік саясат мәселелері қарастырылады. Қазақстанның «жасыл» экономика мен энергетиканың тұрақты стратегиясына көшуі туралы мағлұматтар баяндалған.




**Құнапина Қ.Қ. Атаулы күндер - тәрбие тағылымы: оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 292 б.**

«Атаулы күндер - тәрбие тағылымы» оқу-әдістемелік құралында мемлекеттік және халықаралық деңгейде, сонымен қатар елімізде аталып өтілетін мерекелі күндер, олардың тарихы, ерекшелігі, тарихи маңызы, өткізу шарттары, осы мерекелердің әрқайсысына сабақ үлгілері, тәрбие сағаттары және сыныптан тыс жұмыстардың іс-шаралары жинақталып берілген.




**Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық. - Алматы: «Өнер 21-ғасыр» ҚҚ, 2014. - 3-кітап. Аңыз аналар мен ару қыздар. - 424 б.**

2011 жылы «Өнер» баспасы сонау- ежелгі мыңжылдықтардан бастап, күні кешегі кезеңімізге дейін қазіргі қазақ даласында өмір сүрген және ХХІ ғасырдағы қазақ жұртының рухани, мәдени, тарихи арнасына тікелей қатысы бар тұлғалар туралы қилы-қилы дереккөздерден жинақтап, «Қазақ халқының тарихи тұлғалары» атты қысқа анықтамалық кітаптар сериясының 1-кітабын жарыққа шығарған болатын. 2013 жылы сол серияның 2-кітабын дайындап, қолдарыңызға тапсырғанбыз. 1-кітапта жіберілген кейбір селкеуліктерді реттеп, кейінгі жолы біз алфавиттік (әліпбилік) қатарды емес, топтама тарауларда жинақталған тұлғалардың өмір сүрген кезеңін (ғасырлар, онжылдықтар, жылдар, т.б.) алдымызға негізгі арқау етіп ұстадық. Және бұған қоса, 1-кітапта өмірдеректері келтірілген тарихи тұлғаларды 2-кітапта қайталамауға тырыстық. Ал, мына «Қазақ халқының тарихи тұлғаларының» 3-анықтамалық кітабы бастан-аяқ тек қана - Адамзат тарихындағы қасиетті аналарға, соның ішінде қазақтың абыз-аңыз аналары мен ұлтының ар-ұяты болған, көш бастаған, қалың елдің туы болған ару қыздарына арналып отыр.



**Медеубекұлы С. Шешенсөз: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 152 б.**

Оқу құралында Ахмет Байтұрсынов айқындамасын жазып кеткен ауызша ақпарат айту арқылы қоғамдық санаға қозғау салу өнері шешенсөздің зерттелуі, туу, қалыптасу сатылары тұңғыш рет сараланады. Зерделенеді. Шешенсөздің анықтамасы және оған қатысты ұғымдар мен түсініктердің ғылыми қорытындылары жасалады.



**Асқарова М.А. Экологиялық-географиялық болжамдардың негіздері: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 302 б.**

Оқу құралында экологиялық-географиялық болжамдау ортасының мәні, негізгі ұғымдары және факторлары қарастырылады. Жіктемелік сызбасы, сонымен қатар болжамдаудың кеңістіктік-уақыттық ауқымдары мен кезеңдері ұсынылады. Болжамдаудың әдістемесі, әдістік тәсілдері, негізгі принциптері мен әдістері көрсетілген. Болжамдауға қолданылатын географиялық білімнің ландшафттық-экологиялық, экономикалық-географиялық және әлеуметтік-экономикалық жүйелері берілген. Экологиялық-географиялық болжамдаудың әртүрлі деңгейлері ғаламдық және аймақтық сияқты ірі блоктар арқылы сипатталған.



**Құдайбергенова Б.М. Синтетикалық заттар мен материалдарды идентификациялау: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 107 б.**

Оқу құралы жоғары оқу орындарының жаңа бағдарламасына сәйкес жазылған. Оқу құралында органикалық заттарды талдау әдістерінің теориялық мәліметтері, есептер шығарудың жолдары мен тұжырымдауға арналған сұрақтар берілген.


**Омаров Е. Қазақ өркениетінің негізі. – Алматы: Арда, 2014. – 456 б.**

Қазақ өз отаны туралы қысқаша не білуге тиіс? Кімде-кім өз отанының тарихын оқып-білемін десе, оның өркениетін білуден бастауы тиіс. Өйткені «Өркениет елдің тарихы мен мәдениеті туралы материалдар жиынтығынан тұрады» деген өркениет ғылымының атасы А. Тойнби. Сіздің қолыңыздағы кітаптың негізгі идеясы - қазақ өркениеті осы анықтамаға сүйене отырып жазылған.

Бұл ғылыми еңбектің мақсаты қазақ өркениетінің генезисін ашып, философиясын айқындау, тарих тұрғысынан оның өсіп-өркендеуін туыстас Орта Азия және Евразия өркениетімен байланыстыра зерттеу болып табылады. Сондай-ақ қазақ халқы мекендеген сайын далада бой көтерген далалық, көшпенділік, қалалық, егіншілік және әскери-демократиялық өркениеттермен қоса өзіндік өркениеттің болғаны дәлелденіп, соның бәрінің синтезі Қазақ өркениетін қалыптастырғанын анықтайды. Бірінші рет, көшпенділер теориясы - номадология қазақ тілінде беріліп отыр. Біз ғылыми еңбегімізде қазақ халқының ұлттық болмысын, менталитетін, ұлттық рухын, философиясы мен мәдениетін өркениет арқылы танытуды мақсат еттік.


Кітапта көтерілген негізгі мәселелердің ішінде қазақтың мемлекеттігі мен ұлттық идеяға үлкен орын берілген. Қазақтың сақ, ғұн дәуірінен бастау алған мемлекет қайраткерлері мен ойшыл даналарының көзқарастары, ой-пікірлері де ескеріледі. Аттила мен қатар басқада ұлы тұлғалар бейнесі мен Алаш мәселесіне де тиісті орын берілді.





**Абдрахманова Ж.Ә. Қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 112 б.**


Ұсынылып отырған оқу құралында тілді оқып-үйренудің бастапқы кезеңі А1-А2 деңгейі қарастырылған. Оқу құралының негізгі мақсаты - тұрмыстық, әлеуметтік тақырыптардағы мәтіндер негізінде тіл үйренушілердің сөйлеу біліктілігін жетілдіру, лексикалық қорын, грамматикалық білік-дағдыларын қалыптастыру.



**Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 249 б.**


Оқулықта жас ерекшеліктері психологиясының тарихын қарастыру және елімізде қоғамдық өмірдің әлеуметтік-мәдени құндылықтары мен бағдарларының, соның ішінде қоғамдық практиканың білім беру саласында күрт өзгеруі орын алады. Осы жетістіктер субъективті нақтылықтың онтогенездік дамуының жалпы теориясын құру үшін бастапқы материалды құрайды.

Даму туралы заманауи философиялық, әдіснамалық, психологиялық-педагогикалық түсініктер негізінде жас ерекшелік ұғымы, оның даму психологиясындағы және педагогикасындағы категориясы анықталады. Онтогенездік психикалық дамудың жалпы теориялық үлгісі мен жас ерекшелік ұғымы, бүкіл өмір жолындағы адам субъективтілігі дамуының интегралдық кезеңдерге бөлінуі жан-жақты ашылады.




**Қазақстанның рухани мәдениеті. Толеранттылық: энциклопедия / Құраст.: Т. Ғабитов, Қ. Затов, Ә. Өмірбекова, Б. Сатершинов, Қ. Бағашаров. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 319 б.**

«Қазақстанның рухани мәдениеті. Толеранттылық» энциклопедиясында дінтану, мәдениеттану мен философия ғылымдары салаларында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары негізінде рухани мәдениетпен байланысты ең маңызды ұғым-терминдер мен мәдени феномендер туралы мәлімет жүйелі түрде берілген.



**Шыңғысова Н.Т. PR теориясы мен практикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 85 б.**


Оқу құралында қоғаммен байланыс қызметінің ерекшеліктері, БАҚ-пен өзара тиімді байланысты жүзеге асыру жолдары, Қазақстандағы даму тенденциялары сарапталады.



**Омарова Б.Ә. Баспа ісінің экономикасы және оны ұйымдастыру: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 81 б.**

Оқу құралында баспа-редакциялық өңдеуден өткен баспа өнімдерін баспаханада басып шығарғанға дейінгі барлық кезеңдер мен үдерістер қамтылды.

Кітапта жалпы баспа ісінің экономикалық аспектілері мен ұйымдастыру шаралары жайлы мәліметтер берілді. Сондай-ақ басылымды жарыққа басып шығару барысында кететін материалдық шығындарды есептеудің, баспа өнімдерінің өзіндік құнын есептеп шығарудың, басылым бағасын баспада қалыптастырудың техникалық әдіс-тәсілдері қарастырылды. Оқу құралының соңында студенттерге берілетін тапсырмалардың тізімі, бақылау және тест сұрақтары берілді.




**Сердалиев Е. Қопару жұмыстарының технологиясы мен қауіпсіздігі: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 160 б.**

Оқу құралында тау жыныстарының негізгі қасиеттері, олардың топтамалары және шпурлар мен ұңғымаларды бұрғылау әдістері, бұрғылайтын құралдардың түрлері мен сипаттамалары туралы түсініктер берілген. Сонымен қатар, өнеркәсіптік жарылғыш заттардың құрамдары мен сипаттамалары, оларды қоздыру және жару әдістері келтірілген. Оқу құралының мақсаты - «Тау-кен ісі» мамандығында оқитын колледж оқушыларына тау-кен өнеркәсібіндегі тау жыныстарын бұрғылау, жару жұмыстарының технологиясы мен қауіпсіздігін үйрету.

Оқу құралы «Тау-кен ісі» мамандығының квалификациялық сипаттамасы, мемлекеттік стандарттары, типтік және жұмыс бағдарламалары талаптарына сай құрастырылған.





**Академик Р. Нұрғалидың ғылыми мектебі. – Астана, 2015.**

**I том. – 416 б.**

**II том. – 552 б.**

Ғалым-педагог Р. Нұрғали шәкірттердің бірнеше буынын тәрбиелеп шығарды және оның ғылыми жетекшілігімен 15 докторлық және 40-тан астам кандидаттық диссертация қорғалды. Алғаш рет Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы филология ғылымдарының докторы дәрежесін беретін Диссертациялық (2001-2008) кеңес құрып, оның төрағасы болды. Бұл кеңесте қазақ әдебиеті, салыстырмалы әдебиеттану (Қазақстанда тұңғыш рет) мамандықтары бойынша Алматы, Атырау. Ақтау, Арқалық. Қызылорда, Жезқазған, Тараз. Талдықорған, Семей, Өскемен, Павлодар, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан жоғары оқу орындары үшін ғылым кандндаттары мен докторларын дайындап, ол тәуелсіз Қазақстанның ғылымына өлшеусіз үлес қосты.


Бұл ұсынылып отырған «Академик Р.Нұрғалидың ғылыми мектебі» 1-11 томдарында ғалымның жетекшілігімен қорғаған ғалымдардың зерттеу еңбектерінің ең маңызды, өзекті пайымдаулары мен пікірлері ұсынылып отыр. Академик Р.Нұрғали ұсынған, тиянақтаған әдебиет туралы концепцияларын жіті зерттеп, көпшілік алдында қорғаған шәкірттерінің бұл еңбектері әдебиеттану ғылымының теориялық қазынасын байытуға үлес қосты. Қазіргі әдебиеттанудағы жаңа бір мектепке, тұтас бағытқа айналды.





**Абдулкаримова Р.Г., Кудьярова Ж.Б. Кристаллохимия: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 140 б.**

Бұл оқу құралында кристалдардың симметрия қасиеттері, кеңістікте орналасу заңдылықтары, кристалдар құрылымының заттың химиялық, физикалық қасиеттеріне әсері берілген. Геометриялық кристаллография элементтері, кеңістік топтар қарастырылған. Кристалдардың қарапайым формалары мен симметрия теориясына көп көңіл бөлінген. Кристаллография пәні көлемінде химия мамандығына өте қажетті рентгенфазалық және рентгенқұрылымдық анализдері көрсетілген.



**Машинбаева Г.А., Нүртілеуова С.Р. Ақпарат тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 50 б.**

Оқу құралының әрбір сабағынан мерзімді басылымға тән жанрлар жөнінде қысқаша теориялық мәлімет алуға болады. Түрлі жанрлардың тілдік ерекшелігін меңгерту мақсатында жаттығу жұмыстары, тапсырмалар, жүйелі түрде берілген. Оқу құралы бұқаралық ақпарат құралдары тілінің ерекшеліктерімен танысуға ықпал етеді. Сондай-ақ студенттер осы оқу құралының көмегі арқылы мақала, хабарландыру, құттықтау, сұхбат жазу мүмкіндігіне ие болады.



**Несіпханов О. Әндер жинағы – Алматы: «Асыл кітап» баспалар үйі, 2014. – 44 б.**

Ұсынылып отырған әндер 1972-1982 жылдар арасында жазылып, әлі күнге жарық көрмеген туындылар. Жинаққа композитордың таңдаулы әндері енгізіліп отыр. Әр арқауы жеткіншектерді ел мен жерді сүйеге, ата дәстүрін құрметтеуге, ел жанды, намысты болып, ер жетуге тәрбиелейді.


Әндердің әуенінің кең тыныстылығы серпінді ырғақтылығы, сезімтал нақыштылығы - оның композиторлық шеберлігінің айғағы. Сұлу сазды, күрделі мелодиялық-интонациялық құрылымдағы әндері «Көктем жүр әйнек алдында», «Сырым бар», «Ұйықта бөпем» атты туындылар.



**Әлсейітов М. Жетімсайдың бойында – жетім ауыл. Өлеңдер жинағы. – Алматы: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының «Атажұрт» баспа орталығы, 2015. – 128 б.**


Қарақалпақстанның Тақтакөпір ауданында туып өскен Мақсат Әлсейітовтың «Жетімсайдың бойында — жетім ауыл» атты жинағындағы жыр жолдары көңілге жылы әсер сыйлайды. Жинақтағы әр өлең өзгеше поэтикалық сазды сарын танытуымен ерекшеленеді. Туған жердің тек өзі көре алған ғажайып сұлулығының сырын, Отан-Ананың тек өзі тани алған асқақ сипатын, махаббат атты сезімнің тек өзі ғана сезе білген жылы шуағын жырға қосқан дарын иесінің шынайы жүрек дүрсілі әрбір өлеңнен анық байқалады.

Жыр кітабындағы халық батыры Жанқожа Нұрмұхаммедұлы туралы дастанында автор рухани болмысы биік, жаны таза, шын мәнінде, еліне қорған бола білген адал жүректі батырдың бейнесін жан-жақты ашып, шеберлікпен сомдай білген. Ақынның бұл кітабы поэзияға жаңаша талғаммен қарайтын жыр-сүйер қауымның көңілінен шығады деп сенеміз.



**Төкенаев Т. Атамекен Абыралы. Мақалалар жинағы. – Алматы: Шалкөде, 2015. – 75 б.**

Бұл кітаптың авторы Семей аймағының Абыралы елдімекенінің тумасы, "Қазақстан халық емшілері қауымдастығы" Республикалық қоғамдық бірлестігінің "Құрметті мүшесі", рухани-сауықтырушы, қауымдастықтың "Шипагерлік баян" газетінің "штаттан тыс" тілшісі, журналист Төкенайұлы Тілеукабыл. Автордың 1968-2015 жылдары аралығындағы баспасөз беттерінде жарық көрген атамекен, еңбек ардагерлері, мәдениет, имандылық, емшілер мен бақсылар, тылсым дүние, өлең шумақтары т.б. құнды еңбектері жинаққа енгізілген.




**Атабаева С.Д., Бейсенова А.Ж. Қоршаған ортаның фиторемедиациясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 154 б.**

Оқу құралында қоршаған ортаны ластаушы заттардың химиялық табиғаты, олардың сыртқы ортада жылжу және тасымалдану физиологиясы, фиторемедиация түрлері, гипержинақтағыш өсімдіктердің физиологиялық және биохимиялық ерекшеліктері, гипержинақтаудың механизмдері, индуцирленген фиторемедиация, майлы және трансгенді өсімдіктерді фиторемедиацияда қолданудың заманауи жағдайлары қарастырылады.




**Баймолда Д. Еуропадағы қазақтар (тарихы және бүгінгі жағдайы). Публицистикалық зерттеу. – Алматы: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының «Атажұрт» баспа орталығы, 2015. – 192 б.**

Бұл зерттеу кітапта қазақтардың Еуропа елдеріне қоныстану тарихы, сондағы қазақ диаспорасының қалыптасу кезеңдері және бүгінгі тұрмыс тіршіліктері, кездесіп отырған кейбір рухани-әлеуметтік қиындықтар жайы сөз болады. Кітап автордың «Азаттық» радиосында қызмет істеген жылдардағы жинаған мұрағат құжаттары және Еуропада тұрып жатқан қазақтар арасында өткізген сауалнама мен көптеген сұхбат материалдары негізінде жазылған.




**Қазақтың қайсар қайраткері – Жұмабек Тәшенев: Жұмабек Ахметұлы Тәшенев туралы естеліктер, мақалалар, дастандар, өлеңдер құжаттар және фотосуреттер жинағы / Құраст.: Сейітқали Дүйсен, Қанат Еңсенев. - Алматы: Елтаным баспасы, 2015. - 160 б.**

Ж. А. Тәшеневтің 100 жылдық мерейтойына арнап шығарылған бұл кітапқа замандастары мен көзін көрген азаматтардың естеліктері және «тәшеневтанушылардың» мақалалары, ақындардың дастандары мен өлеңдері топтастырылған. Жинаққа бұрын жарияланбаған құжаттар мен фотосуреттер енгізілген. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері туралы республиканың орыс тілді азаматтарына да мәліметтер қолжетімді болу үшін орыс тіліндегі мақалалар да беріліп отыр.



**Тоқсамбаева А.О. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 304 б.**


Оқу құралы ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихының іргелі мәселелері мен сол дәуірде өмір сүрген ақын-жыраулар шығармашылығы және жазба жәдігерліктер туралы зерттеулерден тұрады.



**Ежелгі Торғай - Ұлы дала төсіндегі асыл алқа. Виктор Николаевич Логвинның 70 жылдық мерейтойына арналған ғылыми мақалалар жинағы = Древний Тургай и Великая степь: часть и целое. Сборник научных статей, посвященный 70-летию Виктора Николаевича Логвина. – Қостанай-Алматы, 2015. – 532 б.**


Бұл жинақта геологиялық тұрғыдан Торғай үстіртіне қатысты Қостанай облысының археологиясы мәселелері қарастырылады. Осы кітапта ұсынылған материалдар Үлкен Торғай ескерткіштерінің ерекшелігін көруге мүмкіндік береді, сондай-ақ Еуразия даласында өткен тарихи және мәдени процестерге осы аймақтың қатысы барын айқындайды.

Мақалалар авторлары Қазақстанның, сонымен қатар, таяу және алыс шетелдердің ғылыми-зерттеу орталықтарында қызмет етеді. Жинақта Ұлы даланың Торғай, Тобыл-Ертіс, Орталық Қазақстан, Жетісу, Алтай, Орал-Еділ, Маңғыстау сынды аймақтарының деректері бар.




**Әжіғали С.Е. Ақтөбе облысының аса көрнекті архитектуралық ескерткіштері: фотокөрме. Ғылыми-ақпараттық басылым = Выдающиеся памятники архитектуры Актюбинской области: фотовыставка. Научно-информационное издание. - Алматы-Ақтөбе, 2015. - 52 б.**

Бұл басылым Батыс Қазақстанның ең ірі аумағындағы халық сәулеті мен тас қашау өнерінің бірегей ескерткіштеріне арналған және даңқты тарихи оқиға Қазақ хандығының 550-жылдығына орайластырылған авторлық фотокөрменің мазмұнын ашады. Кітапта Ақтөбе облысы аумағындағы төрт негізгі жергілікті топқа (Доңызтау, Жем-Сағыз, Қобда-Елек және Солтүстік Арал маңы) бөлінген архитектуралық «раритеттер» туралы ғылыми-танымал шолу мақаласы мен ең репрезентативті фотоматериалдардың жарияланымы ұсынылады. Ал көрменің өзі 1979-2010 жылдары түсірілген 133 фотосуреттен тұрады.




**Президент. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев туралы «Егемен Қазақстан» газетінде 2010-2015 жылдарда жарияланған мақалалар, сұхбаттар, өлең-жырлар. – Астана, 2015. – 763 б.**

Бұл кітап 2010 жылы жарияланған «Елбасы» жинағының тақырыптық жалғасы. Кітапта 2010-2015 жылдарда «Егемен Қазақстан» газетінде Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев туралы шыққан мақалалар, сұхбаттар, өлең-жырлар топтастырылған. Жинақта туған елін бүкіл әлемге танытқан, мойындатқан, құрметті еткен Ердің ерен бейнесі сан қырынан айшықты ашылған.



**Қалыбеков Т., Бегалинов Ә., Зұлқарнаев Е., Сәндібеков М. Пайдалы қазбалар орындарын ашық өңдеу. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 176 б.**


Оқу құралында ашықтау-кен жұмыстарының процестері мен технологиясы жан-жақты келтірілген. Кітапта тау жыныстарын қазуға даярлау, қазу-тиеу жұмыстары, тау-кен массаларын тасымалдау және аршыма тау жыныстарын үйінділеу процестері толыққанды қаралған. Сонымен қатар, кен орындарын ашу сұлбалары мен игеру жүйелері баяндалған.



**Қартабаева Е.Т. Шығыс елдерінің ежелгі және орта ғасырлар тарихы: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 330 б.**


Оқулықта Шығыстың б.з.д. IV мыңжылдықтың соңында Ніл мен Евфрат Тигр Қосөзені аңғарларындағы алғашқы топтық қоғамдар мен мемлекеттік құрылымдардың пайда болуынан бастап XVII ғасырда Шығыс елдерінің Еуропа отарлауына ұшырауына дейінгі аралықтағы тарихы қамтылған. Бұл кітап Шығыс елдерінің ежелгі және орта ғасырлардағы негізгі тарихи үдерістерін өзара сабақтастықта қарастырады, жалаң фактілер ғана келтірілмей, тарихи оқиғалар мен үдерістерге талдау жасалып, себеп-салдарлы байланыстары ашылады. Шығыстың ежелгі және ортағасырлық қоғамдары дамуындағы жалпы мен ерекшенің арақатынасына, тарихи дамудың негізгі, жалпыға ортақ қозғаушы күштеріне көңіл аударылған.





**Әбжет Б. Тұран және Иран мәдени байланыстар. – Түркістан: «Тұран» баспасы, 2015. – 202 б.**


Бақыт Әбжеттің бұл кітабында түрік халықтары мен иран тектес халықтар арасындағы өзара байланыстар, көне дәуірде қалыптасқан нанымдар мен сенімдердің шығу тарихы және оның халық әдебиетіндегі көріністері жан-жақты қарастырылады. Иран жерінде пайда болған көне діни ағымдардың түрік халықтарына келу жолдары мен көне түркілердің арасында пайда болған діни нанымдардың қаралу аймағы, ол діни нанымдардың кейінгі фольклордағы көріністері, көне сюжеттер мен мотивтердің шығу ерекшелігі туралы сөз болады. Тұран мен Иран арасындағы көне мәдени байланыстар халық әдебиеті тұрғысынан зерттеледі.



**Төлемісова Ж.К., Касенова Г.Т., Музанбаров Б. Микроорганизмдер биотехнологиясы. Оқу құралы. – Алматы: Нұр-Принт, 2015. – 174 б.**

Оқу құралында студенттердің практикалық машықтануына, биотехнологияда пайдаланылатын микробиологиялық зерттеулердің жаңа әдістерін, микроорганизмдердің жоғарғы өнімді өндірістік штамдарын алу, оларды өсіру және сақтау әдістерін игеруіне мүмкіндік туғызады.

Оқу құралында берілген әр тақырып толық ашылып көрсетілген, яғни оның мақсаты, мазмұны, студенттің өз бетімен істейтін жұмысының әдістемесі, тақырыпқа байланысты ұсынылатын әдебиеттер келтірілген. Әр зертханалық-тәжірибелік сабақтың тақырыбына байланысты орынды сұрақтар келтірілген. Ол студенттердің өткен тақырыпты жақсы игеріп, білім деңгейлерін кеңейтуге көмегін тигізеді.




**Төлемісова Ж.К., Касенова Г.Т., Мұзапбаров Б., Қожахметова З.Ә.**  
**Тағамдық микробиология. Оқу құралы. – Алматы: Нур-Принт, 2015. – 152 б.**

Оқу құралынла «Тағамдық микробиология» пәнінен ұсынылған тақырыптар бойынша теориялық мәліметтермен негізделген зертханалық-тәжірибелік сабақтар жүргізу үшін әдістемелік нұсқаулар келтірілген.




**Құлмұхаммед Қ.Қ Олжа. Өлеңдер жинағы. – Алматы: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының «Атажұрт» баспа орталығы, 2015. – 192 б.**

Бозбала кезінен айтыс сахнасына шығып, Қытай қазақтарының бас айтыс ақыны атағын иемденген Қайрат Құлмұхаммедтің «Олжа» атты жыр жинағындағы өлең-жырлар жазба ақындық пен жыраулық дәстүрдің тамаша үйлесімінен туғандай көрінеді. Жинақтың тағы бір ерекшелігі, жат жерде дүние есігін ашып, сонда өскен, есейген, кейінгі саналы ғұмырын өз тарихи Отанымен байланыстыруды көздеген автордың шығармашылық биігін таныта түсетіндігі деуге болады. Қайталанбас ерекшеліктерге ие жинақтың шетелдегі және атажұрттағы қазақ оқырмандары жүрегіне жол табарына сенім мол.



**Атабаева С.Д., Бейсенова А.Ж. Стресс физиологиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 153 б.**

Оқу құралында қоршаған ортаның қолайсыз жағдайларына өсімдіктердің төзімділік физиологиясы, стресс физиологиясы, бейімделу механизмдері, олардың стресс кезінде реттелу жүйесі туралы заманауи жағдайлары талданады. Өсімдіктердің мүшелері мен клетка құрылымдарында ауыр металдардың шоғырлануы, олардың негізгі физиологиялық процестерге әсері (өсу, даму, фотосинтез, тыныс алу, минералды қоректену, т.б.), өсімдіктерде ауыр металдардың клеткалық залалсыздандыру және өсімдіктердің төзімдік механизмдері қарастырылады.



**Уразбаева А.М. Қырғыз (қазақ) облыстық партия комитеті құжаттары Қазақстанда тоталитаризмнің қалыптасу тарихының дерек көзі (1920-1925 жж.): Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 196 б.**


Монографиялық зерттеу еңбегінде Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты мен Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты қорларындағы құжаттар Қазақстанда тоталитаризмнің орнауы мен нығаюы тарихының маңызды жазба дерек көздерінің бірі ретінде, деректанулық тұрғыдан қарастырылған.



**Мәуленов А. Фольклор және түркі халықтары әдебиетіндегі мифология. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2015. – 504 б.**

Қазақ мифологиясын зерттеп жүрген ғалым Алмасбек Мәуленовтің бұл монографиясы түп негізі шумерлерден бастау алған арғықазақ мифологиясының қазақ әдебиеті дамуының түрлі кезеңінде алған орны мен дәстүр жалғастығын жаңаша зерделеуге арналған.


Автор отандық ғылымда қазіргі кезге дейін мифтуындыгерлігі турасында айтылған әрбір ой мен пікірді жете бағамдай отырып. ендігі уақытта қазақ филологиясындағы мифте, фольклорда және әдебиет тарихында қалыптасқан ғылыми бірізге түскен жүйе арқылы арғықазақ мифологиясының арғытүріктік түбірлік тектестігін талдап оның көне дәуірдегі мифтермен идеялық әлеуметтік үйлестікте болып ортақ үлгілерден бастау алатындығын дәлелдейді.



**Зәңгіров Е. Ұлт рухы: қанатты сөздер. – Алматы: «Арна-б», 2015. – 160 б.**

Бұл кітапқа Алаш қайраткерлерінің Отан, Ел, Тіл, Діл, Жер, Шекара, Білім Патриотизм туралы айтқан қанатты сөздері топтастырылған.

Алаш қайраткерлерін ұлықтау, ол — Тәуелсіздігімізді асқақтатумен бірдей. Ұлы мұрат жолында ұланғайыр ерлік көрсеткен оларды қалай құрметтесек те жарасымды.



**Оспанова Б.А., Бейсембаева К.Д. Акмеология: Оқулық. – Алматы, 2014. – 392 б.**


Оқулықта «Акмеология» пәнінің мазмұны ашылады, аталған пәннің тарихы баяндалады, инновация жағдайындағы жоғары кәсіби білім берудің сапасын арттыру негіздері ретінде, білімнің теориялық-әдіснамалық, технологиялық және акмеологиялық аспектілері қарастырылады және проблематика заманауи тұрғыда түсіндіріледі.

Басылымның мазмұны қазіргі психологиялық-акмеологиялық білімнің әлеуетін және оларды жоғары оқу орнында оқыту үдерісінің шынайы тәжірибесінде қолданудың мүмкіндіктерін қамтиды, сонымен бірге оқырманға акмеологиялық білімді кәсіби және тұлғалық мәселелерді шешудің құралы ретінде қолдануға ықпал етеді.




**Мұстафаев Ж.С., Қозыкеева Ә.Т. Ауылшаруашылық мелиорациясының негізі. – Алматы, 2014. – 448 б.**

Оқулықта ауылшаруашылық мелиорациясының негіздері қарастырылған: мелиорацияның табиғаты, тиімді үйлестірудегі орны, мелиорацияның қажеттілігін анықтаудың жолдары, суғармалы егістікке қолданылатын жерлерді мелиорациялаудың негізгі мақсаты, мәні, әдістемесі және құралы, мелиорация түрлерінің әдістемелік қағидасы, суғару жүйелері және әдістері көрсетілген. Ауылшаруашылық дақылдардың суғару тәртібін ұйымдастыру және анықтау, суғару әдістері мен техникасын таңдау жолдары, суғару жүйелерін жобалаудың әдістерімен қатар, мелиорацияның әсерінен табиғи жүйенің өзгеруі және оның заңдылықтары қарастырылған.




**Бегімқұл Б.К. Биометрия: Оқулық. – Алматы: Нұр-Принт, 2014. – 347 б.**

Оқулықта биометрия пәнінің бағдарламалық сұрақтары қарастырылған. Кітап биология мамандықтарының әр түрлі саласының ғылыми қызметкерлеріне, докторанттарына және сонымен қатар биометрия немесе биоинформатика пәнінен білім алатын магистранттар мен студенттерге арналған.



**Бейсенбаев О., Мамытов К. Бұрғылау ерітінділері және оны дайындау технологиясы: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2014. – 184 б.**

Оқулық «Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау» мамандықтары студенттерінің «Бұрғылау ерітінділері және оны дайындау технологиясы» бойынша курс материалдарын оқып меңгеруге арналған.





**Жұмағұлов Қ.Т., Беделова Г.С. Қытай мен Үндістанның ортағасырлық тарихы (XI-XVI ғ.): оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 159 б.**

Оқу құралында орта ғасырлардағы әлемдік өркениеттің ең ірі ошақтарының бірі болып табылатын Қытай мен Үндістан тарихы қарастырылады. Дәлірек айтсақ, аталған мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі жолдары басқа аймақтармен салыстырылады. Сонымен қатар бұл елдердің саяси тарихы, қолөнері мен ауылшаруашылығы, басқа елдермен, соның ішінде Батыс Еуропа елдерімен жүргізген сауда қатынастары сипатталады.

**Төреханов Т.А. Тағдырлар тайталасы. Журналист-жазушының күнделік-мемуар беттерінен. – Алматы: Атамұра, 2015. - 684 б.**


Белгілі журналист-жазушы, Қазақ ССР-нің мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткері Тауман Алыбайұлы Төреханов алпыс жылдай бұқаралық ақпарат құралдарында еңбек етіп, тер төккен тұлға. Ол отыз жыл облыстық, селолық, ауданаралық, аудандық газеттерде бас редактор қызметінде болған. Осы жылдары іс сапармен КСРО-ның талай аймағында болып, академик А.Д. Сахаровпен, Мәскеу, Ленинград, Ташкент өңірлерінде жүріп, сондай-ақ шетел қаламгерлерімен кездескен, Кавказдың, Украинаның, Карловые Вары курорттарында, Герман Федеративтік Республикасының астанасы Берлиннің Гумбольдт университеті студенттері қауымдастығының, Герман-Қазақстан Достық қоғамының шақыруымен, сол университетте, Ганновер, Гамбург университеттерінде, ҚР-ның Германиядағы Елшілігінде кездесулер өткізген. Иә, шығармашылық жол сапарларында көрген-білгендерін және өз ғұмырының кейбір оқиғаларын қойын дәптерлеріне түртіп отырған. Сол дәптерлердің саны екі жүз елуге дейін жеткен. Бүгін оқырман қауымына ұсынылып отырған естелік кітабы осы қойын дәптерлерінен екшеліп алынған.





**Толысбаев Б.Т., Бияшев К.Б., Мықтыбаева Р. Ж. Ветеринариялық санитарлық микробиология. Оқулық. – Алматы, 2014. – 590 б.**


Оқулық алғы сөз, кіріспе, микробиология ғылымының даму кезеңдерінен, санитариялық микробиологияның міндеттерімен санитариялық-бактериологиялық лабораториялар және бес бөлімнен тұрады.



**Толысбаев Б.Т., Бияшев К.Б. Микробиология және иммунология. Оқулық. – Алматы: "Нұр-принт" баспасы, 2014. – 497 б.**


Оқулық, алғы сөз, кіріспе микробиология ғылымының даму кезеңдерінен және үш бөлімнен тұрады.






**Есимова А.М., Приходько Н.А. «Микроорганизмдер биотехнологиясы» дәріс жинағы. – Алматы: Нұр-Принт, 2014. – 436 б.**

«Микроорганизмдер биотехнологиясы» пәнінен дәріс жинағы биотехнологияның даму тарихын және микроорганизмдердің көмегімен дайын өнімді бөліп алуға және тазартуға қажет бірқатар күрделі операцияларды қамтиды. Биотехнологиялық өндіріске қажет шикізат пен ферментация процесінің негізгі процестерін қарастырады.




**Динашева Л., Пала А. Түркі мемлекеттерінің тарихы. Оқулық. – Алматы, 2014. – 348 б.**

Оқулық Түркі мемлекеттерінің тарихы бойынша ежелгі дәуір бүгінгі күнге дейінгі материалдарды қамтиды. Мұнда түркі халықтарының мемлекеттік құрылысы, шаруашылығы, әскери жорықты, діни наным-сенімдері мен мәдениеті, түркілердің адамзат өркениетіне қосқан үлесі жан-жақты баяндалады.



**Карпов Ю.А., Савостин А.П. Методы пробоотбора и пробоподготовки. – М.: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2015. – 243 с.**

В учебном издании, написанном на основе вводного курса лекций для студентов Московского института стали и сплавов в соответствии с учебной программой, изложены различные способы и схемы пробоотбора природных и технических материалов, используемых в металлургическом производстве. Подробно рассмотрены вопросы разложения материалов, а также методы разделения компонентов и концентрирования микропримесей для их последующего количественного определения. Проведено сопоставление методов, а также разобраны подходы для выбора оптимального при данных условиях метода с целью повышения точности и чувствительности определения. Сделаны обобщения обширной информации по проблемам пробоотбора и пробоподготовки.



**Рёкен М., Греверс Г., Бургдорф В. Наглядная аллергология / Пер. с англ. - М.: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2015. - 238 с.**

В справочном издании, написанном авторами из ФРГ, в наглядной форме описаны патофизиологические и клинические аспекты аллергических заболеваний. Рассмотрены типы аллергических реакций, методы диагностики *in vivo* и *in vitro*. Отражено большинство наиболее распространенных аллергических заболеваний и указаны методы их лечения. Книга построена как атлас, где на каждом развороте помещены иллюстрации, необходимые для объяснения темы, определения терминов и понятий. Несмотря на краткость изложения, наиболее трудные вопросы изложены детально и четко. В приложении представлен перечень наиболее распространенных контактных аллергенов. Имеется предметный указатель.





**Шкутин Л.И. Нелинейные деформации и катастрофы тонких тел / Отв. ред. В.М. Садовский; Рос. акад. наук, Сиб. отд-ние, Ин-т вычислительного моделирования. - Новосибирск: Издательство СО РАН, 2014. - 139 с.**

Монография содержит инвариантные формулировки обобщенных математических моделей анализа нелинейных деформаций оболочко- и стержнеобразных тел с независимыми полями конечных перемещений и конечных поворотов материальных элементов. Они получены из новой инвариантной формулировки нелинейной модели Коши для трехмерного тела с явным выделением конечных локальных поворотов. Одномерная обобщенная модель деформации стержня - следствие допущения о жестко вращающихся поперечных сечениях. Двумерная обобщенная модель деформации оболочки - следствие допущения о жестко вращающихся поперечных волокнах.

**Ягодовский В.Д. Адсорбция. - М.: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2015. - 216 с.**

В учебном пособии, написанном профессором РУДН, излагаются теоретические основы адсорбции — сложного явления на границе раздела фаз — твердое тело, газ—жидкость, жидкость—твердое тело, жидкость—жидкость. Адсорбция играет важную роль в природных процессах (обмен энергией между геологическими слоями, концентрирование веществ клетками живых организмов при метаболизме и т. д.), находит широкое применение в технике, медицине, фармакологии, лабораторной практике, при очистке промышленных газов и жидкостей от вредных примесей, очистке питьевой воды, изготовлении катализаторов для нефтепереработки, а также получении других полезных веществ. В качестве адсорбентов на практике чаще используются пористые материалы на основе различных активных углей, оксида алюминия, алюмосиликатов и силикагелей.





**Компьютерная томография в неотложной медицине / под ред. С. Мирсадре, К. Мэнкад и Э. Чалмерс; пер. с англ. - М.: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2015. – 239 с.**


Потребность в экстренных диагностических методиках постоянно растет, особенно у начинающих работать в медицине неотложных состояний.


Цель этого руководства — ознакомить читателя с ситуациями, наиболее часто встречающимися при использовании компьютерной томографии (КТ), главного оплота современной рентгенологии. Описаны особенности использования метода для каждого состояния и его значимые недостатки. Отдельные главы посвящены педиатрии и сосудистой патологии.

Мнение рентгенолога зависит от качества предоставляемой клинической информации. Клиницисту, в свою очередь, обсудить проблему с привлеченным к исследованию рентгенологом поможет понимание визуализирующего метода. Авторы книги сконцентрировались на роли экстренной КТ и надеются, что коллеги-клиницисты оценят содержание книги и стремление помочь им в выборе определенных протоколов, понимании преимуществ и недостатков КТ, а также значения экстренно выполненной КТ для более эффективного обследования пациента.

**Хирургическое лечение рака молочной железы и меланомы / Под ред. К. Бленда и др.; пер. с англ. – М.: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2015. - 301 с.**


В издании с учетом достижений международной современной практики описаны важнейшие хирургические принципы и методики лечения рака молочной железы при метаболических, инфекционных, эндокринных и неопластических расстройствах. Представлены и проиллюстрированы наиболее сложные вопросы, с которыми сталкиваются общие хирурги. Детально описаны оперативные, безопасные и анатомически точные вмешательства.






